



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақ халқының қаһарман перзенттері Ұлы Отан соғысының қан майдандарында ерліктің ғажайып үлгісін көрсетті. Солардың бірі - Ұлы Отан соғысының ардагері, “Даңқ” орденінің толық иегері, Қазақ КСР, КСРО ағарту ісінің үздігі, Қарағанды қаласы мен Нұра ауданының Құрметті азаматы Сүлейменов Мүтәш Сүлейменұлы.

Биыл, 2021 жылдың 10-шы қыркүйегінде атақты жерлесімізге 100 жыл толды. Осы мерейтой биыл бәрімізге ерекше дата – ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен сәйкес келді. Осы орайда орталық кітапхана жерлесіміздің мерейтойына арналған «Мүтәш Сүлейменовтің ерліктері елге - мұра, ұрпаққа - ұран!» атты онлайн кездесу өткізді. Кездесуге

М.Сүлейменовтің қыздары Жұпар Мүтәшқызы және Гүлжанат Мүтәшқызы, Нұра ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы З.М.Мақсұтов, төраға орынбасары М.А.Ақыжанов шақырылды. Сонымен қатар ауыл кітапханашылары мен жастар қатысты.

Кешті Нұра орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы С.С.Жұмабеков ашты. Өзінің алғысөзін ол:

«Өр төбесі - тарих,
Өр төбесі - шежіре.
Осы ме екен жерұйық,
Түспеген Асан көзіне», дегендей, Нұра - К.Мыңбаевтың, Абдолла Асылбековтің, Қайып Айнабековтің жері.

Нұра - елін қорғап, қолдарынан найзасы мен қылышы түспеген Тілен, Көбек, Нияз, Серкебай батырларымыздың, тек қана

әділеттік пен имандылыққа жол салған Шоң, Көбетей, Итіке билеріміздің жері. Осындай қасиетті жердің тумасы, елін қорғаған батырларымыздың даңқын жалғастырған асыл ұрпағы, есін тарихқа алтын әріппен жазған ардақты жерлесіміз Мүтәш Сүлейменұлы», - деп бастады.

Кеш барысында батыр жерлесіміз туралы көптеген жақсы сөздер мен

Мүтәш Сүлейменовтің туғанына - 100 жыл

Мүтәш Сүлейменовтің ерліктері елге - мұра, ұрпаққа - ұран!



естеліктер айтылды.

Көрермендер назарына слайдталған көрініс арқылы белгілі ақын, жазушы Махмет Темірұлының Мүтәш Сүлейменовке арнаған өлеңін Барзу Ерсұлтан, Жанат Дария, Гиса Маликаның жатқа оқуында және Ақмешіт ауылының тумасы Жаңабай Айтолқынның Мүтәш Сүлейменовке арнаған өлеңінен видеожазбалар көрсетілді.

Ақпараттық библиография секторының басшысы – А.Садығұлова кешке қатысушыларды жерлесімізге арналған «Нұралық жауынгер» атты библиографиялық жадынамамен таныстырды.

Оқырмандарға қызмет көрсету секторының басшысы С.Мұстафина хас батырымыз жайлы жазылған әдебиеттерге шолу жасады.

Кездесу АОК-ның директоры Г.Ажмағамбетованың “Даңқ” орденінің толық кавалері Мүтәш Сүлейменовтің туғанына 100 жыл толуына арналған «Ғасырлар бойы өшпейтін ерлік» бейнероликтер байқауының қорытындысымен таныстырып, жеңімпаздарды марапаттаумен аяқтады.

С. Мұстафина
Б. Ысқақұлы атындағы орталық кітапхана қызметкері